Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарманың шешімімен
Хаттама № 8 «24» 05 2024 ж.
_______________ проф. Н.О. Дулатбеков

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
Хаттама № 5 «21» 06 2024 ж.

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**7M04201 - Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету**

**Деңгейі: Магистратура**

Қарағанды қ.
2024

## КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ «7М04201 - Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету»**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы
Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры
________________ Байбосынов С.Б.
2024 ж. «____» ________________

«КЕЛІСІЛДІ»

Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының
№2 сотының төрағасы
________________Шайзадаев Б.А.
2024 ж. «____» ________________

**«7M042 – Құқық» дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасы келесідей негізде әзірленген:**

- Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;
- Ұлттық біліктілік шеңбері (әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік пен еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы хаттамасымен бекітілген);
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы негізінде әзірленді.
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 карашадағы № 591 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын бекіту туралы»

**Нысан 1**
**Мазмұны**


| № | **Білім беру бағдарламасының паспорты** | **Беттер** |
|---|---|---|
| 1 | Білім беру бағдарламасының коды және атауы | 4 |
| 2 | Білім беру саласының, даярлау бағыттарының коды және сыныптамасы | 4 |
| 3 | Білім беру бағдарламаларының тобы | 4 |
| 4 | Кредиттер көлемі | 4 |
| 5 | Оқыту түрі | 4 |
| 6 | Оқыту тілі | 4 |
| 7 | Берілетін дәреже | 4 |
| 8 | ББ түрі | 4 |
| 9 | МСК бойынша деңгей | 4 |
| 10 | ҰБШ бойынша деңгей | 4 |
| 11 | СБШ бойынша деңгей | 4 |
| 12 | ББ айрықша ерекшеліктері | 4 |
| | Серіктес ЖОО (ПКҚ) | 4 |
| | Серіктес ЖОО (КДОП) | 4 |
| 13 | Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі | 4 |
| 14 | Аккредиттеу органының атауы және ББ аккредиттеудің қолданылу мерзімі | 4 |
| 15 | ББ мақсаты | 4 |
| 16 | Түлектің біліктілік сипаттамасы | 4 |
| а) | Түлек лауазымдарының тізбесі | 4 |
| б) | Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері | 4 |
| в) | Түлектің кәсіби қызмет түрлері | 5 |
| г) | Түлектің кәсіби қызметінің функциялары | 5 |
| 17 | Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері | 17 |
| 18 | Түлек моделі | 17 |

1. 7M04201-мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету білім беру бағдарламасы.
2. Білім беру саласы: 7M04-Бизнес, басқару және құқық. Дайындық бағыты: 7M042-Құқық.
3. Білім беру бағдарламаларының тобы: M078-Құқық.
4. Кредиттер көлемі – 120 академиялық кредит.
5. Оқыту түрі: күндізгі.
6. Оқыту тілі: қазақ, орыс тілдері.
7. Берілетін дәрежесі: заң ғылымдарының магистрі.
8. ББ түрі: Әрекет етуші.
9. ББХСЖ бойынша деңгей – 7.
10. ҰБШ бойынша деңгей – 7.
11. СБШ бойынша деңгей – 7.
12. ББ айрықша ерекшеліктері: нет.
13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі: KZ83LAA00018495 28.07.2020 ж. 016 қосымша
14. Аккредиттеу органының атауы және ББ аккредиттеудің қолданылу мерзімі: - Мамандандырылған.
15. "7M04201 – мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасының мақсаты мемлекеттік билік органдарында тиімді жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби құзыреттілікке ие магистрлерді дайындау және теория мен практиканы үйлестіре отырып, Құқықтану бағыты бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары мен кәсіби қызметке дайындау болып табылады.
16. Түлектің біліктілік сипаттамасы

а) *Түлек лауазымдарының тізбесі:* судья, прокурор, заңгер, заңгер көмекшісі, нотариус, адвокат, доцент, профессор, бас ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, мемлекеттік органдардың халықаралық ынтымақтастық департаменттерінің басшысы, жергілікті мемлекеттік басқару органдары аппаратының басшысы.

б*) Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері:*

"Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің кәсіби қызмет саласы болып табылады:

- құқықтық нормаларды әзірлеу және іске асыру;
- заңдылықты және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету;
- құқықтық оқыту және тәрбиелеу;
- мемлекеттік билік және басқару органдары саласында ғылыми зерттеулер жүргізу.

«Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету» Білім беру бағдарламасы бойынша түлектің кәсіби қызметінің объектілері болып табылады:

- Жоғары оқу орындары, оның ішінде ҒЗИ, орталықтар мен зертханалар;
- құқық қорғау органдары;
- мемлекеттік билік пен басқарудың сот, атқарушы және өкілді органдары;

- мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындар; адвокатура; нотариат.
*в) Түлектің кәсіби қызмет түрлері:*
- ғылыми-зерттеу;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- білім беру (педагогикалық);
- құқық қорғау.
*г) Түлектің кәсіби қызметінің функциялары:*
- құқық саласындағы басқару кадрларының жұмыс тиімділігін арттыру және жоғары сапаға қол жеткізу;
-әртүрлі мемлекеттік басқарудағы ұйымдастыру-басқару қызметі;
- құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейін қалыптастыру және дамыту;
- құқықтық нормаларды әзірлеу және іске асыру;
- саяси-әкімшілік басқару бойынша қызметке қатысу, басқарушылық шешімдерді дайындау және іске асыру;
- заңдылықты және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету;
- құқықтық оқыту және тәрбиелеу;
- білім беру жүйесіндегі ұйымдардағы білім беру (педагогикалық) және ғылыми-зерттеу қызметі.
17. Түлек моделі

**Нысан 2**

## 17. Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

| Құзыреттілік түрі | Оқыту нәтижесінің коды | Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша) |
|---|---|---|
| 1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills) | ОН1 | Шетелдік және отандық тарих пен ғылым философиясының даму үрдістерін философиялық талдау негізінде қазіргі ғылыми білімнің өзекті бағыттары бойынша дербес зерттеу ұстанымын дәлелдейді. |
| | ОН 2 | Кәсіби және ғылыми ортада тиімді өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін деңгейде шет тілдерін еркін меңгерген; тілдік тұлғаны одан әрі оқыту мен дамытуды үлкен дәрежеде дербестік пен өзін-өзі реттеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дағдыларды меңгерген. |
| | ОН3 | Азаматтық қоғам институттарының құқықтық мемлекет институттарымен өзара іс-қимыл жасаудағы, азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет институттарының даму жолдарын анықтаудағы рөлін түсіндіруде және бағалауда алған білімдерін, дағдылары мен дағдыларын қолданады. |
| 2. Сандық құзыреттер: (Digitalskills): | ОН4 | Заңды құжаттарды, оның ішінде электрондық құжаттарды дайындаудың дербес, шығармашылық, зерттеу дағдыларын меңгеру, өз қызметін тиімді және нәтижелі ұйымдастыра білу, өзінің ғылыми жұмысының нәтижелерін коммерцияландыру мүмкіндіктері туралы түсінігі бар. |
| | ОН5 | Мемлекеттік басқару саласындағы сыбайлас жемқорлық қылмыстар субъектілерінің шеңберін, биліктің жоғары эшелондарындағы сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын біледі; ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді пайдалана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатер дәрежесіне талдау жүргізеді. Қоғам мен мемлекеттік билік мүдделерінің қақтығысын болдырмау жөніндегі шараларды жүзеге асырады. |
| | ОН6 | Түрлі әлеуметтік факторларды және олардың құқықты дайындау мен қалыптастыру процесіне әсерін зерттейді; цифрлық деректер базасын пайдалана отырып, құқықтық нормаларды құруға, өзгертуге немесе жоюға уәкілетті мемлекеттік органдардың құқық шығармашылығы қызметінің ерекшеліктерін айқындайды. |
| 3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills) | ОН7 | Жоғары білім берудің заманауи парадигмасын, оның мазмұнын негіздейді; жоғары мектепте оқыту процесінің қозғаушы күштері мен қағидаттарын айқындайды; жоғары мектепте қазіргі заманғы дидактикалық тұжырымдамалардың ерекшеліктерін анықтайды. |
| | ОН8 | Халықаралық ұйымдар мен осы халықаралық ұйымға қатысушы елдердің саяси дамуының ерекшелігі мен жалпы тенденцияларын ажырату; ҚР-ның Халықаралық ұйымдарға қатысуының саяси және құқықтық салдарын талдау;ҚР-ның халықаралық қызметі саласында алған білімдерін практикалық қызметте қолданады. |
| | ОН9 | Қазіргі әлемдегі әлеуметтік және технологиялық инновациялық даму контексінде адам құқықтары саласындағы ұлттық заңнаманың құқықтық нормалары мен халықаралық стандарттарды іс жүзінде біледі. Адам құқықтарын қорғау және құқық қолдану қызметін жүзеге асыру процесінде нақты құқықтық нормалар арқылы оларды іске асыру үшін адам құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету процесін кәсіби түсіндіреді.<br>Құқықтық зерттеулер әдістері туралы өз түсінігін дербес кеңейту, нормативтік құқықтық актілер мен халықаралық көздерді зерттеуде заң әдіснамасын пайдаланады. |
| | ОН10 | Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының құқықтық нормативтік базасын ескеретін шешімдерді әзірлейді. |
| | ОН11 | Сот билігіндегі заң шығару функцияларының табиғатын анықтайды, сот ісін жүргізудің ерекшеліктері мен нысандарын және оның шектерін анықтайды. |
| | ОН12 | Құқық нормаларын түсіндіру актісі ретінде және сот практикасының ерекше нысаны ретінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының заңдық сипатына, ерекшеліктеріне талдау жүргізеді. |
| | ОН13 | Құқықтық мәселелер бойынша кеңестер мен түсініктемелер беруге; арыздар, шағымдар және құқықтық сипаттағы басқа да құжаттар жасауға; соттарда клиенттердің мүдделерін білдіруге; құқық субъектілерінің заңнаманы сақтауын |

| | | |
|---|---|---|
| | | қамтамасыз ету қабілетіне; заң құжаттарын дайындау дағдыларына ие болуға; заңдылық пен құқықтық тәртіпті, жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі лауазымдық міндеттерді орындау қабілетіне ие. |
| | ОН14 | Заңнамадағы олқылықтар мен сәйкессіздіктерді, оны қолданудың күрделілігін және еңсеру жолдарын анықтайды; мемлекеттік билік және басқару органдарының заң шығару қызметінің нәтижелеріне талдау және бағалау жүргізеді, қазіргі кезеңдегі заң шығару процесінің даму тенденцияларын болжайды. |
| | ОН15 | Кәсіпорынның нарықтағы жағдайын ситуациялық және жүйелі талдау дағдыларын, корпоративтік ойлау мәдениетін; ақпаратты жинақтау қабілетін, әріптестермен кооперацияға дайындығын, ұжымда жұмыс істеуді: басқару жобаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу дағдыларын; ұйымдық-басқару шешімдерін қабылдау және олар үшін жауапты болу қабілетін меңгереді. Әлеуметтік-экономикалық жағдайды, басқарудың нақты нысандарын зерттеуді ұйымдастырады және жүргізеді; тиімді басқару шешімдерінің нұсқаларын әзірлейді . |

**Нысан 3**

## 18. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

| Оқыту нәтижесінің коды | Модульдің атауы | Пәндер атауы | Көлемі (ECTS) |
|---|---|---|---|
| ОН1 | Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің философиялық және тарихи аспектілері | Ғылым тарихы мен философиясы | 4 |
| ОН 7 | | Жоғары мектеп педагогикасы | 4 |
| ОН 14, ОН 15 | | Басқару психологиясы | 4 |
| ОН 7 | | Педагогикалық практика | 4 |
| ОН 2 | Кәсіби тілдер және инновациялық әзірлемелерді коммерцияландыру | Шет тілі (Кәсіби) | 4 |
| ОН 4 | | Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру | 6 |
| ОН 3, ОН9, ОН13 | | Қазіргі әлемдегі инновациялар және адам құқықтары | 6 |
| ОН 8 | Қазақстанның басқа елдермен халықаралық қатынастары | Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдарға қатысуы (ағылшын тілінде) | 5 |
| ОН 10, ОН 12 | | Конституциялық бақылау: қазақстандық және шетелдік тәжірибе (ағылшын тілінде) | 5 |
| ОН 9 | | Салыстырмалы құқықтану | 5 |
| ОН 1, ОН 9 | | Құқықтық зерттеулер әдіснамасы | 5 |
| ОН5, ОН14, ОН10 | Қазіргі мемлекет және құқық | Атқарушы билік органдарының қызметі | 6 |
| ОН 12, ОН14 | | Мемлекеттік органдардың құқық шығармашылығы қызметі | 7 |
| ОН9, ОН11 | Мемлекеттік органдардың ұйымдық-құқықтық қызметі | Әкімшілік-деликтілік және іс жүргізу-атқару құқығы | 7 |
| ОН5, ОН14, ОН6 | | Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет мәселелері | 7 |
| ОН11, ОН12, ОН6 | | Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары: құқық көзі ретінде | 7 |
| ОН12, ОН14 | | Заң шығару техникасы: теория және практика мәселелері | 7 |
| ОН3 | Қазіргі мемлекеттегі азаматтық қоғам | Азаматтық қоғам институттарын дамыту мәселелері | 6 |
| ОН5, ОН14 | | Мемлекеттік билік пен басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | 6 |
| ОН9, ОН13 | | Қазақстан Республикасының конституциялық нормаларындағы азаматтық институтын жүйелі талдау | 6 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ОН9, ОН13 | | Қазақстан Республикасында азаматтық істер бойынша іс жүргізу | 6 |
| ОН1, ОН9 | | Зерттеу практикасы | 14 |
| ОН1, ОН9 | Тағылымдамадан өтуді және магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ) | Тағылымдамадан өтуді және магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ) | 24 |
| ОН9, ОН14 | Қорытынды аттестаттау | Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау | 8 |

**Нысан 4**

## 19. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

| Р/с | Пәндер атауы | Пәннің қысқаша мазмұны | Кредит саны | Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **ОН1** | **ОН 2** | **ОН 3** | **ОН 4** | **ОН 5** | **ОН 6** | **ОН 7** | **ОН 8** | **ОН 9** | **ОН 10** | **ОН 11** | **ОН 12** | **ОН 13** | **ОН 14** | **ОН 15** |
| Негізгі пәндер циклі<br>ЖОО компоненті | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D1 | Ғылым тарихы мен философиясы | Ғылыми танымның дамуға бейімділігі мен өзгеріп отыратын әлеуметтік-мәдени бейінінің маңыздылығы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Ғылымның философиясы, әдістемесі туралы, ғылым танымдық қызмет және дәстүр ретінде, әлеуметтік институт және қазіргі өркениеттегі мәдениеттің ерекше саласы ретінде сұрақтар қарастырылады. | 4 | + | | | | | | | | | | | | | | |
| D2 | Жоғары мектептің педагогикасы | Жоғары білімнің қазіргі парадигмасы және жоғары мектептегі ғылыми қызмет теориясы туралы түсінік қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Педагогика, кәсіби шебер-мамандарды тәрбиелеу, білім беру ұйымдарында оқытудың кәсіби дағдылары, жоғары мектепте педагогикалық бақылау және білімді бағалау туралы сұрақтар қарастырылады. | 4 | | | | | | | + | | | | | | | | |
| D3 | Басқару психологиясы | Басқарушылық қызметтің психологиялық заңдылықтары, менеджер қызметінің құрылымында әлеуметтік-психологиялық білімді пайдалану ерекшеліктері, тиімді басқарудың негізінде жатқан әлеуметтік-психологиялық принциптерді талдау дағдылары, басқару психологиясының теориялық ережелері мен өзекті мәселелері; басқару психологиясының ерекшеліктері, басшының жеке ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. | 4 | | | | | | | | | | | | | | + | + |
| D4 | Педагогикалық практика | Педагогикалық практика магистранттың оқу барысында алған теориялық және қолданбалы кәсіби қызметінің тәжірибесін | 4 | | | | | | | + | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қалыптастырудың логикалық жалғасы болып табылады. Педагогикалық практика «ғылыми-зерттеу практикасымен» логикалық және мазмұнды-әдістемелік байланысты. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D5 | Шет тілі (Кәсіби) | Кәсіби қарым-қатынас жағдаяттарында тиімді қарым-қатынас жасау үшін пәндік саладағы шетел тілінің сөйлеу әрекетінің дағдыларын дамыту мақсатында оқытылады. Курс арнайы әдебиеттермен жұмыс істеуді, ауызша және жазбаша екі жақты аударма тәжірибесін үйретуге арналған. Арнайы мақсаттағы шетел тілінің ерекшеліктері мен кәсіби сөйлеу нормалары мәселелері қарастырылады. | 4 | | + | | | | | | | | | | | | | |
| Негізгі пәндер циклі<br>Таңдау бойынша Компонент | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D5 | Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру | Зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін қолдану бойынша дағдыларды қалыптастыру және табыс алуға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен қызметтерді нарыққа шығару мақсатында өндіріске ғылыми әзірлемелер мен технологияларды енгізу мақсатында оқытылады. | 5 | | | | + | | | | | | | | | | | |
| | Қазіргі әлемдегі инновациялар және адам құқықтары | Пән білім алушылардың Қазақстандық Заңнамада және халықаралық актілерде бекітілген Адам құқықтары туралы білімдерін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Жеке құқықтарды қорғаудың, қамтамасыз етудің және іске асырудың инновациялық тәсілдері қарастырылады, Қазіргі әлемдегі адам және азамат құқықтарын дамытудың проблемалары мен перспективалары талданады. | 5 | | | + | | | | | | + | | | | + | | |
| Негізгі пәндер циклі<br>Таңдау бойынша Компонент | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D6 | Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға қатысуы | Халықаралық ұйымдардың халықаралық бейбітшілік пен ынтымақтастықты қолдау құралы ретіндегі рөлі, олардың құқықтық табиғаты, құзыреттері, заңды тұлғалары | 5 | | | | | | | | + | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | (ағылшын тілінде) | мен функциялары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазақстанның халықаралық деңгейдегі түрлі ұйымдардағы рөлі мен орны, олармен қарым-қатынасты дамыту перспективалары туралы мәселелер қарастырылады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | Конституциялық бақылау: қазақстандық және шетелдік тәжірибе (ағылшын тілінде) | Қоғамдық қатынастарды нормативтік-құқықтық реттеудегі конституциялық бақылаудың орны мен рөлі туралы білімді қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Қазақстан Республикасының және шет елдердің қолданыстағы заңнамасының практикасын талдау және бағалау арқылы Конституциялық Соттың нормативтік қаулыларын дұрыс және тиімді ресімдеу дағдыларын меңгереді. | 5 | | | | | | | | | | + | | + | | | |
| D7 | Салыстырмалы құқықтану | Қазіргі дәуірдегі құқықтық дамудың негізгі үрдістерін танудың неғұрлым адекватты құралы болып табылатын заңдық ғылыми зерттеулердің кешенді бағыты ретінде салыстырмалы құқықтану туралы білімді қалыптастыру мақсатында шетелдік құқықтық жүйелер туралы, қазіргі заманның құқықтық жүйелерін жіктеуді, құқықтық отбасыларға біріктіруді және құқықтық жүйелердің конвергенциясы жағдайында олардың қазақстандық заңнамаға әсерін зерделейді. | 5 | | | | | | | | | + | | | | | | |
| | Құқықтық зерттеулер әдіснамасы | Пән білім алушылардың құқық саласындағы ғылыми зерттеулердің әдістері мен тәсілдері туралы білімдерін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Теориялық және эмпирикалық зерттеулердің мәселелері мен сұрақтары, ғылыми ақпаратты іздеу және өңдеу, құқықтық зерттеулердің кезеңдері мен нәтижелері және оларды ресімдеу қарастырылады. | 5 | + | | | | | | | | + | | | | | | |
| Бейіндік пәндер циклі<br>ЖОО компоненті | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D8 | Атқарушы билік органдарының қызметі | Пән білім алушыларда атқарушы билік органдарының қызметін жүзеге асырудың принциптері мен әдістері, сондай-ақ басқа мемлекеттік билік органдарының реттеу | 6 | | | | | + | | | | | + | | | | + | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | принциптері мен әдістері туралы тұтас түсінік қалыптастыру мақсатында оқытылады. ҚР атқарушы органдарының құрылуы мен жұмыс істеуіне байланысты ұйымдық-құқықтық мәселелер қаралады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | Мемлекеттік органдардың құқық шығармашылығы қызметі | Кешенді және жүйелі табиғат және құқық шығармашылығы қызметінің мақсаты, құқық шығармашылығы процесіне қатысатын түрлер мен субъектілердің аражігін ажырату проблемалары туралы білімді қалыптастыру мақсатында зерделейді, олардың құқық шығармашылығы қызметінің нысанасы мен саласы, олардың құзыреті туралы, бір-бірімен өзара іс-қимылдың нысандары мен әдістері туралы, шығарылатын құқықтық актілердің сипаты және олардың заңдық табиғаты туралы, құқық шығармашылығы деңгейі туралы дағдыларды меңгереді. | 7 | | | | | | | | | | | | + | | + | |
| D9 | Әкімшілік деликтілік және процестік-атқарушылық құқық | Әкімшілік деликтілік және процестік-атқарушылық құқық саласында, осы салалардағы заңнаманың мазмұны және оны қолдану практикасы туралы білім мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Әкімшілік жауапкершілік қағидаттарын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу кезеңдерін реттейтін сұрақтар қарастырылады. | 7 | | | | | | | | | + | | + | | | | |
| | Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың және мемлекеттік қызметтің мәселелері | Пән білім алушылардың мемлекеттік басқарудың өзекті мәселелері туралы білімдерін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымын жетілдіру мәселелері, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесі, мемлекеттік қызметке кірудің, және тоқтатудың өзекті мәселелері, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілік түрлері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері қаралады. | 7 | | | | | + | + | | | | | | | | + | |
| D10 | Қазақстан | Қоғамдық қатынастарды нормативтік- | 7 | | | | | | + | | | | | + | + | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Республикасы Жоғарғы сотының нормативтік қаулылары: құқық көзі ретінде | құқықтық реттеудегі сот шығармашылығының орны мен рөлі туралы білімді қалыптастыру мақсатында құқық көздерін ғылыми танудың әдіснамасын зерделейді. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының практикасын талдау және бағалау арқылы Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын дұрыс және тиімді ресімдеу дағдыларын иеленеді. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | Заң шығару техникасы: теория және тәжірибе мәселелері | Заң шығару техникасы туралы, заң шығару қызметінің құқықтық практикасы, сондай-ақ оның заң шығару сапасын қамтамасыз етудегі және заңнаманы жүйелеудегі рөлі туралы білімді игеру мақсатында оқытылады. Заң шығару нәтижелерін, заң шығару процесіне әсер ететін факторларды талдау және бағалау мәселелері қарастырылады. | 7 | | | | | | | | | | | | + | | + | |
| D11 | Азаматтық қоғам институттарын дамыту мәселелері | Пән білім алушылардың азаматтық қоғам институттары туралы олардың құқықтық мемлекет институттарымен өзара іс-қимылында білімдерін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Осы институттардың нормативтік-құқықтық бекітілуі, олардың құрылу және жұмыс істеу тәртібі қаралады, Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғам институттарының проблемалары мен даму перспективалары талданады. | 6 | | | + | | | | | | | | | | | | |
| | Мемлекеттік билік пен басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | Заңнамалық техника: түсінігі және функциялары. Заңнама: құрылымы мен элементтері. Заң шығару процесі және заң шығару танымы. Нормативтік-құқықтық актілерді дайындау және қабылдау. Заң шығару нәтижелерін талдау және бағалау. Заң шығару процесіне әсер ететін факторлар. Нормативтік-құқықтық актілерді жасау ережелері. Заң шығарудың техникалық ережелері. Заңнаманы жүйелеудің негізгі нысандары, тәсілдері мен тәсілдері. Заң шығару мәдениеті. | 6 | | | | | + | | | | | | | | | + | |
| D12 | Қазақстан Республикасының конституциялық | Азаматтық институтының жекелеген теориялық және практикалық мәселелері туралы білімді қалыптастыру мақсатында | 6 | | | | | | | | | + | | | | + | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | нормаларындағы азаматтық институтты жүйелі талдау | оқытылады. Азаматтық институтын құқықтық реттеу проблемаларына, оның категориялық аппаратына, азаматтық құқығын іске асыру мәселелеріне, осы институттың конституциялық-құқықтық саласындағы ғылыми зерттеулерді дамытудың перспективалық бағыттарына ерекше назар аударылады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | Қазақстан Республикасында азаматтық алу істері бойынша өндіріс | Азаматтық мәселелері бойынша шешімдерді орындау және шағымдану, арыздар мен ұсыныстарды қарау, алған білімдерін заңгердің кәсіби қызметінде қолдану дағдылары бойынша іс жүргізу саласында білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Азаматтық алу құқығына байланысты заңнаманы іс жүзінде қолдану мәселелері қаралады. | 6 | | | | | | | | | + | | | | + | | |
| D13 | Зерттеу практикасы | Зерттеу практикасы магистранттардың отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерделеуін, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолданудың, диссертациялық зерттеуде эксперименттік деректерді өңдеу мен түсіндірудің практикалық дағдыларын бекітуді білдіреді. | 14 | + | | | | | | | | + | | | | | | |
| Қосымша модульдер циклі<br>Ғылыми-зерттеу жұмысы | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D14 | Тағылымдамадан өтуді және магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ) | Заманауи ақпараттық технологияларды тарта отырып, ақпараттық-библиографиялық жұмыс. Магистранттың жеке жоспарын жасау, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысын, авторефератты мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде орындауы туралы есеп беру. Магистрлік диссертацияны, компьютерлік және білім беру бағдарламаларын жазу талаптарын зерттеу. | 24 | + | | | | | | | | + | | | | | | |
| Қорытынды аттестаттау | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D15 | Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау | Магистрлік диссертацияны қорғау магистрді даярлаудың қорытынды кезеңі болып табылады, магистранттың ғылыми/зерттеу біліктілігінің деңгейін, ғылыми ізденісті өз бетінше жүргізе | 8 | | | | | | | | | + | | | | | + | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | алуын, ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүргізу, нақты материалдарды жүйелеу, жинақтау, сондай-ақ жүргізілген зерттеулер нәтижелері бойынша қорытындылар мен практикалық ұсынымдарды өз бетінше негіздеу қабілетін көрсетеді. | | | | | | | | | | | | | | | | |

**Нысан 6**

## 20. Модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу

| Оқу нәтижелері | Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері | Оқыту әдістері | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|
| ОН 1 | Шетелдік және отандық тарих пен ғылым философиясының даму үрдістерін философиялық талдау негізінде қазіргі ғылыми білімнің өзекті бағыттары бойынша дербес зерттеу ұстанымын дәлелдейді. | интерактивті дәріс | презентация |
| ОН 2 | Кәсіби және ғылыми ортада тиімді өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін деңгейде шет тілдерін еркін меңгерген; тілдік тұлғаны одан әрі оқыту мен дамытуды үлкен дәрежеде дербестік пен өзін-өзі реттеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дағдыларды меңгерген. | пікірталас | эссе жазу |
| ОН 3 | Азаматтық қоғам институттарының құқықтық мемлекет институттарымен өзара іс-қимыл жасаудағы, азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет институттарының даму жолдарын анықтаудағы рөлін түсіндіруде және бағалауда алған білімдерін, дағдылары мен дағдыларын қолданады. | дөңгелек үстел<br>пікірталас | эссе жазу |
| ОН 4 | Заңды құжаттарды, оның ішінде электрондық құжаттарды дайындаудың дербес, шығармашылық, зерттеу дағдыларын меңгеру, өз қызметін тиімді және нәтижелі ұйымдастыра білу, өзінің ғылыми жұмысының нәтижелерін коммерцияландыру мүмкіндіктері туралы түсінігі бар. | интерактивті дәріс | презентация |
| ОН 5 | Мемлекеттік басқару саласындағы сыбайлас жемқорлық қылмыстар субъектілерінің шеңберін, биліктің жоғары эшелондарындағы сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын біледі; ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді пайдалана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатер дәрежесіне талдау жүргізеді. Қоғам мен мемлекеттік билік мүдделерінің қақтығысын болдырмау жөніндегі шараларды жүзеге асырады. | дөңгелек үстел | презентация |
| ОН 6 | Түрлі әлеуметтік факторларды және олардың құқықты дайындау мен қалыптастыру процесіне әсерін зерттейді; цифрлық деректер базасын пайдалана отырып, құқықтық нормаларды құруға, өзгертуге немесе жоюға уәкілетті мемлекеттік органдардың құқық шығармашылығы қызметінің ерекшеліктерін айқындайды. | пікірталас | презентация<br>докторлық диссертация жазу |
| ОН 7 | Жоғары білім берудің заманауи парадигмасын, оның мазмұнын негіздейді; жоғары мектепте оқыту процесінің қозғаушы | интерактивті дәріс<br>пікірталас | эссе жазу<br>ғылыми мақала жазу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | күштері мен қағидаттарын айқындайды; жоғары мектепте қазіргі заманғы дидактикалық тұжырымдамалардың ерекшеліктерін анықтайды. | | |
| ОН 8 | Халықаралық ұйымдар мен осы халықаралық ұйымға қатысушы елдердің саяси дамуының ерекшелігі мен жалпы тенденцияларын ажырату; ҚР-ның Халықаралық ұйымдарға қатысуының саяси және құқықтық салдарын талдау;ҚР-ның халықаралық қызметі саласында алған білімдерін практикалық қызметте қолданады. | дөңгелек үстел | тест |
| ОН 9 | Қазіргі әлемдегі әлеуметтік және технологиялық инновациялық даму контексінде адам құқықтары саласындағы ұлттық заңнаманың құқықтық нормалары мен халықаралық стандарттарды іс жүзінде біледі. Адам құқықтарын қорғау және құқық қолдану қызметін жүзеге асыру процесінде нақты құқықтық нормалар арқылы оларды іске асыру үшін адам құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету процесін кәсіби түсіндіреді.<br>Құқықтық зерттеулер әдістері туралы өз түсінігін дербес кеңейту, нормативтік құқықтық актілер мен халықаралық көздерді зерттеуде заң әдіснамасын пайдаланады. | дөңгелек үстел | презентация |
| ОН 10 | Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының құқықтық нормативтік базасын ескеретін шешімдерді әзірлейді. | дөңгелек үстел<br>пікірталас | эссе жазу<br>докторлық диссертация жазу |
| ОН 11 | Сот билігіндегі заң шығару функцияларының табиғатын анықтайды, сот ісін жүргізудің ерекшеліктері мен нысандарын және оның шектерін анықтайды. | интерактивті дәріс | презентация |
| ОН 12 | Құқық нормаларын түсіндіру актісі ретінде және сот практикасының ерекше нысаны ретінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының заңдық сипатына, ерекшеліктеріне талдау жүргізеді. | пікірталас | коллоквиум |
| ОН 13 | Құқықтық мәселелер бойынша кеңестер мен түсініктемелер беруге; арыздар, шағымдар және құқықтық сипаттағы басқа да құжаттар жасауға; соттарда клиенттердің мүдделерін білдіруге; құқық субъектілерінің заңнаманы сақтауын қамтамасыз ету қабілетіне; заң құжаттарын дайындау дағдыларына ие болуға; заңдылық пен құқықтық тәртіпті, жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі лауазымдық міндеттерді орындау қабілетіне ие. | мәтіндерді талдау және құрылымдау<br>пікірталас | аннотация және реферат<br>жобаны дайындау |
| ОН 14 | Заңнамадағы олқылықтар мен сәйкессіздіктерді, оны қолданудың күрделілігін және еңсеру жолдарын анықтайды; мемлекеттік билік және басқару органдарының заң шығару қызметінің нәтижелеріне талдау және бағалау жүргізеді, қазіргі кезеңдегі заң шығару процесінің даму тенденцияларын болжайды. | дөңгелек үстел | презентация |
| ОН 15 | Кәсіпорынның нарықтағы жағдайын ситуациялық және жүйелі талдау дағдыларын, корпоративтік ойлау мәдениетін; | интерактивті дәріс | презентация |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ақпаратты жинақтау қабілетін, әріптестермен кооперацияға дайындығын, ұжымда жұмыс істеуді: басқару жобаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу дағдыларын; ұйымдық-басқару шешімдерін қабылдау және олар үшін жауапты болу қабілетін меңгереді. Әлеуметтік-экономикалық жағдайды, басқарудың нақты нысандарын зерттеуді ұйымдастырады және жүргізеді; тиімді басқару шешімдерінің нұсқаларын әзірлейді . | | |

**Нысан 7**

## 21. Түлек моделі

**Магистратура түлегінің атрибуттары:**

- Өз оқыту саласындағы терең кәсіби білім;
- Білім және ғылым саласындағы трендтерді игеруге деген қызығушылық;
- Кәсіби және жеке даму мүмкіндіктерін іздеудегі дербестік;
- Коммуникабельділік;
- Төзімділік және тәрбие;
- Академиялық адалдық;
- Қазақстанның Мемлекеттік міндеттері мен стратегияларын шешуге қатысуға дайын болу.

**Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі**

| **Құзыреттілік түрлері** | **Құзыреттердің сипаттамасы** |
|---|---|
| 1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills) | - қазіргі заманғы ғылыми жетістіктерді сыни талдау және бағалау әдістерін, сондай-ақ зерттеу және практикалық міндеттерді шешу кезінде, оның ішінде пәнаралық салаларда жаңа идеяларды генерациялау әдістерін пайдалану;<br>- ғылыми есептер, шолулар, баяндамалар мен мақалаларды қоса алғанда, ғылыми-техникалық құжаттаманың барлық түрлері туралы білімдерін көрсету;<br>- пәндік саланың ғылыми-зерттеу қызметінің бағыттары, проблемалары, теориясы мен әдістері туралы қазіргі кездегі білімдерін көрсету;<br>- зерттеудің жалпы әдістерін қолдану: талдау, синтез, диалектикалық әдіс, тарихи әдіс, құрылымдық-функционалдық әдіс, социологиялық әдіс, статистикалық әдіс<br>- мақсаты мансаптық өсу кезеңдері мен еңбек нарығының талаптарына сүйене отырып, кәсіби міндеттерді шешуде кәсіби және жеке даму болып табылатын процестерді, оның ерекшеліктері мен әдістерін қолдану. |
| 2. Сандық құзыреттер (Digital skills) | - мемлекеттік және шет тілдерінде кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде ғылыми мәтіндерді талдау дағдыларын; коммуникацияның әртүрлі әдістерін, технологияларын және типтерін меңгеру;<br>- өзін-өзі жетілдіру және кәсіби даму мақсатында заң ғылымы мен ғылыми зерттеулер жетістіктерінің маңыздылығын сыни тұрғыдан түсіну;<br>- іздеуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен деректер базасын пайдалана білу және жүргізілетін зерттеулер тақырыбы бойынша ақпаратты сыни талдауды орындау;<br>-кәсіби қызметте зерттеудің эксперименттік және есептік-теориялық әдістерін таңдау және қолдану; алынған деректерді түсіндіру және сауатты бағалау. |

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ
## 7M04201 - Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету

*Жоспардың мақсаты* –еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу

**Мақсатты индикаторлар**

| № | Индикаторлар | Өлшем бірл. | 2024-2025 (факті бойынша) | 2025-2026 (жоспар) | 2026-2027 (жоспар) | 2027-2028 (жоспар) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **Кадрлық потенциалды дамыту** | | | | | |
| 1.1 | Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі | Адам саны | 9 | 1 | 1 | 1 |
| 1.2 | Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру | Адам саны | 9 | 5 | 5 | 5 |
| 1.3 | Оқытуға практик-мамандарды тарту | Адам саны | | | | |
| 1.4 | Басқа | Адам саны | | | | |
| **2** | **Рейтингтердегі БББ жылжыту** | | | | | |
| 2.1 | НАОКО | Позициясы | | | | |
| 2.2 | НААР | Позициясы | | | | |
| 2.3 | Атамекен | Позициясы | | | | |
| **3** | **Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу** | | | | | |
| 3.1 | Оқулықтар | Саны | | | | |
| 3.2 | Оқу құралдары | Саны | 15 | 1 | 1 | 1 |
| 3.3 | Әдістемелік ұсынымдар/нұсқау | Саны | | | | |
| 3.4 | Электронды оқулық | Саны | 10 | 1 | 1 | 1 |
| 3.5 | Видео/аудиодәріс | Саны | | | | |
| 3.6 | Басқа | Саны | | | | |
| **4** | **Оқу және зертханалық базаны дамыту** | | | | | |
| 4.1 | Бағдарламалық өнімдерді сатып алу | Саны | | | | |
| 4.2 | Жабдықтарды сатып алу | Саны | | | | |
| 4.3 | Басқа | Саны | | | | |
| **5.** | **БББ мазмұнын өзектендіру** | | | | | |
| 5.1 | Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту | Жыл | - | + | + | + |
| 5.2 | БББ-ға шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу* | Жыл | - | - | - | - |
| 5.3 | Оқытудың жаңа әдістерін енгізу | Жыл | - | - | - | - |
| 5.4 | ББ базасында бірлескен / екі дипломды бағдарламаны ашу | Жыл | - | - | - | - |
| 5.5 | Басқа | Жыл | - | - | - | - |

**Конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі** **Р.Б. Ботагарин**
**Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі** **А.Б. Сопыханова**

| | |
|---|---|
| 3. Кәсіби құзыреттер (Hardskills) | -жеке-ғылыми зерттеу әдістерін қолдану, мысалы: заңдық біліктілік, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін салыстырмалы талдау әдісі;<br>- зерттеу мәселесін анықтау, кәсіби қызметте заң ғылымының заманауи жетістіктерін қолданады;<br>- Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттарына сәйкес қылмысқа қарсы күрес жөніндегі қылмыстық саясаттың бағыттарын сипаттау; қылмыстық заңнаманы және қылмыстарға қарсы күрес шараларын жетілдіру жөніндегі басым бағыттарды іске асырудың тиімділігін талдау;<br>- коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды қолдана отырып, академиялық мәтіндерді талдау, құру, рефераттау және рецензиялау;<br>-пән саласындағы ғылыми-зерттеу міндеттерін шешу үшін заң ғылымының іргелі қағидаларын білу дағдыларын меңгеру. |

**Әзірлеушілер:**
**Конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі** **Р.Б. Ботагарин**
**Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі** **А.Б. Сопыханова**

Білім беру бағдарламасы факультет кеңесінде қаралды 26.04.2024 Хаттама № 12
Білім беру бағдарламасы Академиялық кеңес отырысында қаралды 29.04.24 Хаттама № 5
Білім беру бағдарламасы университет басқармасының отырысында қаралып, бекітілді 24.05.2024 хаттама № 8

**Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректоры** **М.М. Умуркулова**
**Академиялық жұмыс департаменті директоры** **Т.М. Хасенова**
**Заң факультетінің деканы** **А.М. Серикбаев**